

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесі жасасын!

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 224 (9286) | 1953 жылғы 7 ноябрь Сенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Лениннің-Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен— коммунизмнің салтанат құруына қарай алға баса берейік!

Коммунизм құрылысшысы—ұлы совет халқы жасасын!

Совет халқының ұлы мерекесі

Бүгін бүкіл совет халқы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығын мерекелеп отыр. Бұл күн тек совет халқының ғана емес, сонымен қатар, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің мерекесі.

Совет Одағы Коммунистік партиясының тікелей басшылығымен жүзеге асырылған Ұлы Октябрь социалистік революциясы біздің Отанымыздың халықтарын бостандыққа жеткізіп, олардың социалистік жолмен еліміздің өнеркәсібін, ауыл шаруашылығы мен мәдениетін адамзаттың тарихында бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен өркендетуіне мүмкіншілік әперді. Бүгін ұлан-байтақ Отанымыздың басында да халықтары сыяқты қазақ халқы да Октябрь революциясының жеңісі нәтижесінде советтік семьядағы тең правосы ұлттардың қатарына қосылды, оның шын мәніндегі бостандыққа қолы жетті.

Біздің Отанымыздың еңбекшілері Октябрь революциясының жеңістерін баяндап отырып, Коммунистік партияның басшылығымен социалистік қоғам орнатты. Едімізде бесжылдықтарды ойдағыдай жүзеге асырудың нәтижесінде біздің еліміз қуатты индустриалы, алдыңғы қатарлы, жеңілмеіз елге айналды.

Совет адамдары Коммунистік партияның күнбе-күнгі дана басшылығына сүйеніп отырып, өзінің барлық күш-жігерін бүгін дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнату күресіне жұмсайды.

Социализм жағдайында біздің халқымыз өзінің саяси-моральдық бірлігін нығайтты, ССРО халықтарының достығы өсіп, нығайды.

Міне, мұның барлығы совет халқының алдына қойған мақсатына ерқашан да жетуін, ауыр сындардан мүдірмей өтуін қамтамасыз етті. Ұлы Отан соғысында совет халқының бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңіске жетуі мұны айқын дәлелдейді.

Ұлы Отан соғысынан кейін Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы халық шаруашылығын қысқа мерзімде қалпына келтіріп, оны өркендетуін

тар, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру және мал тұқымын асылдандыру жөнінде де бірқатар жақсы көрсеткіштерге қол жетті.

Бұл күндері облыс ауыл шаруашылығының еңбекшілері қол жеткен табыстарын баяндап отырып, партиямыз бен үкметіміздің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге бағытталған қаулы-қарарларын қалтқысыз жүзеге асыру жолында жанкыярлықпен күресуде.

Тек ауыл шаруашылығы ғана емес, облысымыздың транспорт және өнеркәсіп орындары да Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алып отыр. Кәсіпорындарының коллективтері партия ұйымдарының басшылығымен алған міндеттемелерді толық және асыра орындау, шаруашылыққа басшылық жасаудың социалистік әдісі—үнемшілік тәртібін қатаң сақтау, өндіріске озат тәжірибе мен жаңалық әдістерді батыл енгізу күресінде жоғары көрсеткіштерге жетісуде. Көптеген өнеркәсіп орындары ұлы мереке күрметіндегі социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен жүзеге асырды.

Әсіресе, соңғы кезде облыс өнеркәсіп орындарының көпшілігінде партиямыз бен үкметіміздің алға қойып отырған бүгінгі таңдағы талаптарына сәйкес халық тұтынатын товарларды шығару ісі жақсара түсті. Иерілдікті және кооперативтік кәсіпорындарын қоспағанның өзінде, облыстағы металл өңдейтін кәсіпорындары да еңбекшілердің тұтынуына қажетті товарлардың бірнеше жаңа түрлерін менгеріп, көптеп шығара бастады. Мұның өзі біздің елімізде еңбекшілердің тұрмыстық дәрежесін жақсарту тусуға күнбе-күн қамқорлық жасалып, ерекше назар аударылып отырғандығын дәлелдейді. Сонымен қатар, атап айта кету қажет, облыстағы сауда ұйымдары да тұтынушылар қажетін ұмырлықты өтеу мақсатымен өздерінің жұмысын едеуір жақсарту түсті.

ҰЛЫ ОКТЯБРЬДІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!



Художник В. Викторовтың Мемлекеттік бейнелеу искусствосы баспасы басып шығарған планаты.

Көпшілік тұтынатын товарларды көптеп өндіреміз

Партиямыз бен үкметіміз таяудағы өкі-үш жылдың ішінде халық тұтынатын товарлар молшылығын жасау міндетін қойып отыр. Бұл көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарларын өндіретін кәсіпорындарынан ішкі мүмкіншіліктер мен қорларды толық пайдаланып, өнім шығаруды ұлғайтуды, оның сапасын шұғыл жақсартуды талап етеді. Бүкіл еліміздегі сыяқты, біздің заводтың коллективі де көпшілік тұ-

Партияның шақыруы бойынша

Кеше ғана бұл колхозды селонның аймағы жазғы көркін өзгертпей түр еді. Жайылымдарында қаптаған мал болатын. Егін даласында тракторлар тыным ташпай зыб жыртып жүретін. Кең даланы алып жатқан қара мақпалдай пардың арғы шетіне тіпті көз жетпейтін.

Міне, бүгін сол жер ақша қартан ақ көрсетіп жамылды. Жазғы

қой қораларын, олардың жанында мая-мая үйілген шөптерді көрсетіп:

— Біздің фермада жаз бен күзде қажетті жемшөп толық дайындалды. Өзір алдымыздан мал шетінен көрген емес. Қыс қандай қарлы болса да қысылмаймыз, — деді.

Ферма менгерушісінің сөзін қуаттай сөйлеген колхоз председа-

Мал өсірушілердің игі жетістіктері

Біздің бөлімшенің фермаларында өзір 400-ден астам сыйыр малы, 993 шошқа және көптеген жұмыс өгіздері мен аттар бар. ССКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысымен жігерленген бөлімше коллективі мал басын бұдан да көбейтіп, оның өнімділігін арттыра беруді көздеп, қажырлы еңбек етіп келеді.

Былбыл мал азығы үшін 14400 центнер жемшөп, 838 тонна сүрленген шөп, 4500 центнер сулы, 3 мың центнер сабан-топан дайындалды. Бұрынғы барлық қоралар аспаы жолдармен жабдықталды. Малға азық беру, мал қыйын төгу жұмыстары осы аспаы жолдар арқылы жүргізіледі. Суарып сыйырлар қорасына автоматты суарғыштар орнатылып, пайдалануға берілді. Азық бұландырғыш, шөп тұрасып, дән үккіш машиналары, сепаратор, сыйыр сауу, құдықтан су тарту жұмыстары электр қуатымен жүргізіледі.

Мал өсірушілер сыйырдың сүттілігін арттыру күресінде де зор табысқа қол жеткізіп отыр. Біздің бөлімшеміз мемлекетке сүт тапсыру жоспарын өткен он ай ішінде асыра орындады. Сыйырдан сүтті мол саууда озат сауыншыларымыз апалы-сіңілі Барохиналар, Е. Филь жолдастардың еңбегі ерекше. Олар өткен он ай ішінде өздеріне берілген берілген сыйырлардың өрқайсысынан 2332—2569 литрге дейін сүт сауып, алған міндеттемелерін аброймен орындады.

Бұсау күтуші Е. Кондратова жолдас қарамағындағы 144 бұсауды аман өсірумен бірге, олардың орта тауліктік салмақ қосуын 700 грамма жеткізді. Сол сыяқты, шошқа күтуші П. Ильина жолдас та жаңа табыстарға жетуде.

Бөлімше коллективі Ұлы Октябрь мерекесіне әкелген бұл тартуларын баяндап өту үшін мал қыстатууды ұлғіріп өткізу жолындағы күресті зор ұйымшылдықпен жүргізіп, мал шаруашылығын өркендете беретіні сөзсіз.

М. КУЦ

